

**Беркімбаев К.М., Мейірбекова Г.П.**

## **БОЛАШАҚ ЭКОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДА КРЕДИТТІК ОҚИТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қоғам сұранысына сәйкес болашақ маман құзырлығына қойылатын талаптар жоғары білім жүйесіне көпдеңгейлі білім беру мен кредиттік оқыту технологиясын енгізуге жол ашты. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыруды белсендіру және оған жаңаша көзқарастың қажеттігі кредиттік технологияның ережелеріне сәйкес оны жоспарлауға, ұйымдастыруға, әдістемелік қамтамасыз етуге және бақылауға байланысты болды.

*СӨЖ-дің маңызы мен статусының артуының себептері:*

– студенттің жоғары оқу орны қабырғасынан алуы тиіс білім көлемінің ұдайы өсуі оқыту қарқындылығын арттыру қажеттігіне әкелді;

– оқу бағдарламасындағы өзіндік жұмыс көлемінің артуы (2/3 бөлігі) студенттің өздігінен алатын білімінің көлемінің артуына әкелді;

– осыған сәйкес, СӨЖ-ді ұйымдастыру әдістемесін жаңалау: СӨЖ мазмұнын жаңаша анықтау; СӨЖ-дің әдістемелік қамтылуын жаңалау; СӨЖ-дің жаңа формаларын қолдану; СӨЖ-ді белсендіру мен тиімділеу құралдарын қолдану қажет болды, СӨЖ ұйымдастыру қағидалары мен функциялары толықтырылды, жаңа инновациялық СӨЖ түрлері енгізілді;

– СӨЖ субъектілері – оқытушы мен студенттің рөлдері өзгерді; СӨЖ бағасының студенттің жинайтын кредитіне әсер етуі СӨЖ-ді бақылау жүйесіне өзгерістер әкелді, СӨЖ-ді бақылау міндетті болды;

– СӨЖ-ді жүргізуде оқытушының қатысуына және білім алушының көп сатылы академиялық оқу деңгейіне байланысты СӨЖ құрылымының өзгеруі (СӨЖ, ОБСӨЖ) себепкер болды.

Дәстүрлі сызықты оқыту жүйесінде өзіндік жұмысқа аудиторлық сабақта өтіп үлгермеген, болмаса қосымша немесе

тереңдеп оқуға арналған материалдар берілетін, немесе жаңа оқу материалы аудиторлық сабақта түсіндіріліп, оны бекіту жұмыстары өзіндік жұмысқа қалдырылатын. Ал, кредиттік оқыту жүйесінде негізгі білім көлемін игеру өзіндік жұмыстың үлесіне тиіп, оған міндетті түрде бақылау жасалынады. Өзіндік жұмыста теориялық білім алдынала игеріледі, алынған білімді түзету, тереңдету, бекіту және білімді дағдыға айналдыру жұмыстары оқытушы қатысуымен жүретін аудиторлық сабақтарда жүргізіледі.

Кредиттік оқыту жүйесінде білім алушының өзіндік жұмысының оқытушы қатысуынсыз және оқытушы басшылығымен жасайтын өзіндік жұмысы болып жіктелуі бұл ұғымның мәніне, студенттің өзіндік жұмысының түрлерінің мазмұнына және ұйымдастырылуына жаңаша қарауды талап етеді.

Студенттің өзіндік жұмысына ерекше екіпін жасау қажеттігі экология мамандығына арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында да айтылған. Мысал ретінде, онда «Студенттің өзіндік жұмысы, академиялық пән шеңберінде оқытушының басқаруымен және аудиторлық, сонымен қатар аудиторядан тыс уақытта да орындалады. Студенттердің өзіндік жұмысы міндеттерді іс жүзінде шешу дағдысын қалыптастыруға, логикалық ойлауды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалын меңгерудегі, зерттеулік жолдарын, танымдық қабілетін дамытуға бағытталған. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жоғары оқу орнының негізгі нормативтік құжаттарына, соның ішінде, оқу жоспарларына, жұмыс бағдарламаларына, курс бөлімдерін өз алдына оқуға арналған материалдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Кредиттік оқыту жүйесінің ендірілуіне байланысты білім берудің жаңа парадигмалары енді «оқу – қалай оқуыңа», «өзін-өзі дамыту» және «өмір бойына оқу» болды. Бұл – кредиттік жүйеде енді оқытушының өзіндік жұмысқа аса маңыз беріп, оны ұйымдастырудың алуан түрлері мен жолдарын студентке көрсете отырып, студенттің танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болуы керектігін білдіреді. Кредиттік оқыту жүйесіндегі оқу үдерісінде студент енді әрекет субъектісіне айналды.

**Кредиттік оқыту жүйесінде де СӨЖ-дің атқаратын функциялары өз маңызын жоғалтпайды, ол:**

- студенттің өз бетімен жұмыс істеу білігі мен дағдысын дамытады;
- теориялық білімін дамытуға жағдай жасайды;
- таңдаған мамандығына қызығушылығын арттырады;
- шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасайды;
- өз бетімен білім алуы қажетсінуге тәрбиелейді;
- оқу мен ғылыми жұмыстың байланысын күшейтуге мүмкіндік береді;
- игерген білімді практикада толығырақ қолдану мүмкіндігін береді;
- дүниетанымдық білім мен білігін дамытады;
- мақсатқа ұмтылушылыққа, ыждаһаттылыққа, тиянақтылыққа және жауапкершілікке тәрбиелейді [1].

Бұл СӨЖ функцияларының тізімін кредиттік жүйенің ерекшелігіне байланысты төмендегідей қызметтермен толықтыруға болады:

- студентті СӨЖ уақытын тиімді пайдалануға, уақытын жоспарлауға үйретеді;
- өзіндік бақылаудың дағдыларын қалыптастырады;
- кредиттік жүйеде СӨЖ-ді белсендіру ақпараттық технологиялардың негізінде іске асатындықтан, ақпараттық технологиялармен жұмыс дағдысын дамытады.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) – дидактикалық міндеттерді өз

бетімен орындауға бағытталған, танымдық әрекеттерге қызығуын қалыптастыруға, ғылымның белгілі бір саласы бойынша білімдерін толықтыруға бағытталған білім алушының ерекше оқу іс-әрекеті [2,3]. Ол логикалық ойлауды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалын өз бетімен игергенде зерттеулік шешім қолдануды қалыптастыруды қамтамасыз ететін практикалық міндеттерді іске асырумен байланысты болады.

БӨЖ білім алушылардың санатына байланысты студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысы (МӨЖ), докторанттың өзіндік жұмысы (ДӨЖ) болып бөлінеді. Ал білім алушының оқытушының жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) – сабақ кестесіне көрсетіліп, оқытушының басшылығымен аудиторияда жасайтын жұмысы. Ол оқытушының басшылығымен жасалатын студенттің өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ) және оқытушының басшылығымен жасалатын магистранттың өзіндік жұмысы (ОБМӨЖ) болып жіктелінеді. БӨЖ-дің жалпы көлеміндегі ОБСӨЖ бен ОБМӨЖ-дің үлесін жоғары оқу орындарының өздері анықтайды. Кредиттік оқыту жүйесінде бакалавриатта оқытушының басшылығымен жүргізілетін әр 1 аудиториялық сағатқа 2 сағат өзіндік жұмыс (оқытушы қатысуынсыз және басшылығымен жүргізілетін СӨЖ) қоса жүргізіледі.

**ОБСӨЖ** – арнайы белгіленген уақытта алдарына қойылған дидактикалық мақсатты орындау үшін оқытушының ұйымдастыруымен жүретін білімді іздеуге, оны ұғыну, бекіту, біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту, алған білімдерді жинақтау және жүйелеуге бағытталған студенттердің іс-әрекеті [2]. Ол әр пән бойынша өту мерзімі, уақыты, тьюторлар мен аудиториясы көрсетіліп, барлық академиялық кезең бойы графикке сәйкес жүргізіледі. Тьютор студенттің ағымдық рейтингісіне сәйкес оның ОБСӨЖ сабақтарына қатысуын, жекелей кеңес алуын реттеп отырады.

Сабақ кестесіне енген ОБСӨЖ пәннің оқу материалын қосымша оқуға

бағытталады, онда студентке өзіндік жұмыстың тапсырмалары беріліп, үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды), семестрлік және бақылау жұмыстарын, есептерді және СӨЖ-дің басқа да тапсырмаларының түрлерін орындау туралы консультация беріледі, оларға бақылау, тексеру жасалады, интерактивті сабақ түрлері жүргізіледі. Дайындық деңгейін арттыру үшін ағымдық рейтингі төмен студенттерге немесе пән бойынша берілген тапсырмаларды орындауда қосымша әдістемелік көмек қажет еткендерге консультациялар беріледі. ОБСӨЖ сабақтары консультативтік және интерактивтік формада болуы мүмкін, ол формалар оқу курсының қиындығына, оған бөлінген аудиториялық сағат санына, студенттердің дайындық деңгейлеріне байланысты анықталады. ОБСӨЖ-дің тақырыптары, тапсырмалары, жүргізу формалары, сағат көлемі пәннің силлабусында сипатталады.

«СӨЖ аудиториялық сабақтарда өтілген материалдар жөніндегі білімін толықтыру және кеңейту мақсатында студенттің аудиториядан тыс жұмыс істеуін қарастырады». *Оқытушы*

*қатысуынсыз жүретін СӨЖ* – жоғары оқу орнында оқу үдерісінің басты бір бөлігі, оқытушының тапсырмасымен және әдістемелік басшылығымен, оның тікелей қатысуынсыз орындалатын, оқу материалын өздігінен игеру үшін студенттің жасайтын жоспарланған жұмысы.

Қазақстан Республикасында оның үлесіне осы уақытқа дейінгі сызықты оқыту жүйесінің типтік және оқу жоспарларында 20-30 % беріліп келсе, ал оқытудың кредиттік жүйесінде оқу бағдарламасының барлық көлемінің үштен екі бөлігін құрайды. Ал шетел ЖОО-да СӨЖ-дің аудиториялық сабақтармен арақатынасы 1:3,5 немесе 1:4 құрайды [4]. СӨЖ студенттердің танымдық және кәсіби әрекеттеріне қызығушылығының дамуына, білімдерін тереңдетуге, кәсіби біліктіліктері мен дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік беріп, студенттің өз бетімен игеру арқылы алатын білімінің сапасына тікелей ықпал етеді. Сондықтан да еліміздің ЖОО-да кредиттік оқыту жүйесінің ендірілуінен СӨЖ-ді жаңаша, тиімді ұйымдастыру – бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

1. Шкутина Л.А., Сарсекеева Ж.Е. Педагогические основы организации самостоятельной работы студентов в рейтинговой системе обучения (на примере учебной дисциплины «Педагогика»). – Караганда: Изд-во «Санат-Полиграфия», 2005. – 124 с.

2. Основы кредитной системы обучения в Казахстане / С.Б.Абдыгаппарова, Г.К.Ахметова, С.Р.Ибатуллин, А.А.Кусаинов, Б.А.Мырзалиев, С.М. Омирбаев; Под общ. ред. Ж.А.Кулекеева, Г.Н.Гамарника, Б.С.Абдрасилова. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.–198 с.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылдың 9 желтоқсанында №753 бұйрығымен бекітілген «Эксперименттік режимде іске асырылатын кредиттік оқыту жүйесі туралы ереже».

4. Нурманбетова Д.Н., Нефедова Л.В., Ковальская С.И., Абдильдина Р.Ж. / Методические рекомендации по разработке учебно-методических комплексов учебных дисциплин для студентов. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2004. – 42 с.

В данной статье рассмотрены основы организации самостоятельных работ обучения будущих экологов в кредитной системе.

In this article is considered the principles of organization self-work of teaching future ecologists in credit system.